

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін

Балабақша менгерушісі

Р. Қаламбаева

Берекелі алтын күз

Тәрбиешілері :Ж.Сарыбаева

М.Абдулаева

2021-2022ж

Берекелі алтын күз

Армысыздар қадірлі қонақтар, құрметті ата-аналар, ұстаздар және балалар. Міне барлығымыз сағына тосқан алтын күз мерекеміз де келіп жетті. Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймын. Жанұяларыңызға амандық, бақыт, шаттық тілей отырып, балғын бүлдіршіндеріміз сіздерді қуанта берсін.

Көктемде егін егетін,
Күзде жинап беретін
Біздің дала бай дала,
Алтын астық айнала –дей отырып бүгінгі «Жауқазын» тобының «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз. «Ал, балалар, әдептен озбай үлкендермен амандасып алайықшы, алдымен»

Ұл-қыз сәлем береміз,
Өнегелі өренбіз.
Сәлем сөздің анасы,
Сәлеметсіздерме қонақтар!
Есік қағылады, кенеттен күз ханшайымы қонаққа келеді.

Армысыздар балалар
Күзгі бақта қонақтар
Өздеріңе әкелдім
Күздің сыйын көз тартар
Тәрбиеші: Күз ханшайымы хош келдің, мына қолыңыздағы сыйлықтарыңызды балаларға берсек бола ма?
Күз ханшайымы: Бұл сыйымды балалар еңбек етіп алу керек.
Тәрбиеші: Олай болса, балалар күз ханшайымына арнап тақпақтарымызды айтып берейік, төрлетіңіздер.

Ал балалар тақпақты,
Тақылдатыр айтайық
Көрсін апа-әжелер.
Ағалар да таң қалсын.
Ендеше «Жауқазын» тәрбиеленушілерінің тақпақтарын тыңдап көріңіздер.

Тақпақтар:

1. Сап-сары ғып даланы.

Бояпты ғой күз деген

Құстар канат қағады

Қоштасқандай бізбенен

Ақжан

2.Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерді жинауға
Шақырады біздерді.

Анель

3.Алтын ,сары, қызыл көк,
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бакта күлімдеп
Көз тартады атырап

Бағдәулет

4.Жемісі мол теретін ,
Күз екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Сабина

5.Жер берді жемісті
Күз келді келісті
Күз байлық береке
Алтын күз мереке

Мансұр

6. Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштық та
Қап-қап қауын алдық біз

Нұрай

Бірге болсын ойымыз,
Бірге болсын тойымыз,
Балдырғандар жараса
Би-билейді тамаша-дей отырып Абдулла Нұрай мен Ауесбек Анельдің
орындауында «Балапандар» биін тамашалап көріңіздер.

Ойын:

Хормен ән: «Балақан»

Тәрбиеші: Бүгін мейрам бүгін той,
Қуаныш күн біліп қой
Күзгі бактай сыңғырлап

Би билейік, зырылдап

«Жауқазын» тобының тәрбиеленушілерінің «Қол шатыр» биін тамашалаңыздар.

Күз ханшайымы: Ал балалар, сендермен қоштасар сәтім келді. Сендерге көп –көп рахмет, менің сыйымды қабыл алындар .

Балалар: Сау болыңыз күз ханшайымы.

Тәрбиеші: Осымен біздің «Берекелі алтын күз» мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.